

**Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 266/81 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 қазанда № 6976 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2023 жылғы 8 қарашадағы № 35/12 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 08.11.2023 № 35/12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Шарбақты аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қоса ұсынылған Қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Шарбақты аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шарбақты аудандық мәслихатының әлеуметтік-экономикалық дамыту және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шарбақты аудандық мәслихатының сессия төрағасы*

*Шарбақты аудандық мәслихатының хатшысы*

*Л. Маринко*

*С. Шпехт*

Шарбақты аудандық  
мәслихатының

## **Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 12.05.2022 № 99/27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2–3-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 06.12.2022 № 131/37 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының Павлодар облысы бойынша (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға

олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Шарбақты ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Павлодар облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін, мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 06.12.2022 № 131/37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – "Шарбақты ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Шарбақты ауданының ауылдық округтері әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

9) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

2. Осы Қағидаларда әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органмен (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ мереке күндерге ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

3. Әлеуметтік көмекті төлеу уәкілетті органмен екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы алушының банктік шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен көрсетіледі.

4. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 2) тармақшасында, 11-

бабының 2) тармақшасында, 12- бабының 2) тармақшасында, 13- бабының 2) тармақшасында, 17- бабында көзделген әлеуметтік қолдау шалалары осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте көрсетіледі.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 06.12.2022 № 131/37 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын) көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін мерекелік күндерінің тізбесі:

- 1) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;
- 2) 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі;
- 3) 7 мамыр – Отан қорғаушы күні;
- 4) 9 мамыр – Жеңіс күні;
- 5) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні;
- 6) 16 желтоқсан –Тәуелсіздік күні.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 06.12.2022 № 131/37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

## **2-тарау. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

7. Әлеуметтік көмек азаматтардың келесі санаттарына көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері:

Ұлы Отан соғысына қатысушылар, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын ( бұдан әрі – КСР Одағы) қорғау бойынша басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет өткерген әскери қызметшілер, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектігі бар адамдар, атап айтқанда Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, ұрыс қимылдары аудандарында, майдан маңындағы теміржол учаскелерінде, қорғаныс шептерінің, әскери-теңіз базалары мен әуеайлақтардың құрылысжайларында жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілер;

2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері:

бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда);

оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілер;

Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілері;

Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1992 жылғы қыркүйектен бастап 2001 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;

2003 жылғы тамыздан бастап 2008 жылғы қазанға дейінгі кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;

1986 жылдан бастап 1991 жылғы дейінгі кезеңде Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

3) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдары;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындар;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар;

4) Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан жеңілдіктер бойынша мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілер;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балалары;

5) еңбек ардагерлері:

Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлері; "Қазақстанның Еңбек Ері", "Халық қаһарманы" атақтарына ие болған адамдар;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар;

б) Заңның күші қолданылатын басқа да адамдар:

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы

салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан жеңілдіктер бойынша мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаған жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығу, жұмыста мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда) салдарынан мүгедектігі бар адамдар деп танылған, Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған жұбайы (зайыбы);

1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар;

7) зейнеткерлік жасқа толған, зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерінен төмен алатын азаматтар;

зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең аз мөлшерінен төмен алатын 80 жастағы және одан (асқан) көп жасқа толған азаматтар;

сотпен немесе Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңымен белгіленген тәртіппен саяси қуғын-сүргіндер құрбаны немесе саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен деп танылған азаматтар;

8) мүгедектігі бар адамдар, атап айтқанда:

18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;

1 топтағы мүгедектігі бар адамдар;

2 топтағы мүгедектігі бар адамдар;

18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар;

кірістерін есепке алмай, жоғары немесе орта арнайы (кәсіби) білім және білім берудің өзге де түрлерін алуға мүгедектігі бар адамды оңалтудың жеке

бағдарламасының кәсіби бөлігінен көшірмесі бар және білім алушы мүгедектігі бар адамдар;

9) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарындағы көп балалы аналар (отбасылар);

10) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, отбасының бір мүшесіне шаққандағы табысы облыс бойынша белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан жоғары оқу орындарында оқитын студенттер;

11) аз қамтамасыз етілген азаматтар, атап айтқанда:

пешпен жылытылатын жеке тұрғын үй қорында тұратын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар, өтініш берген мерзімде ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстары бар отбасылар;

табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) немесе оның мүлкіне залал келтіруге байланысты өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтар, өтініш жасау мерзімі өмірлік қиын жағдай туындалған кезден бастап бір ай ішінде;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар;

табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен, мектеп жасындағы балалары бар отбасылар;

отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейіне 1,5 еселік ара қатынастан аспайтын жағдайда, бір айдан астам созылған дертке, жедел араласуды талап ететін дертке байланысты өмірлік қиын жағдайға тап болған, шұғыл немесе жоспарлы хирургиялық ота жасатқан азаматтар;

жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын, жасанды тамақтандырылатын 1 жасқа дейінгі емшектегі балалары бар отбасылар;

отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын, 12 аптаға дейін жүктілігі бойынша есепке қою үшін аудандық ауруханаға уақтылы жүгінген жүкті әйелдер;

12) әлеуметтік мәні бар аурулары бар азаматтар, атап айтқанда:

онкологиялық аурумен ауыратын адамдар;

адамның қорғаныс тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардап шегетін тұлғалар;

адамның қорғаныс тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардап шегетін балалар;

амбулаторлық емдеудегі туберкулез ауруынан зардап шегетін тұлғалар;

"жүйелі қызыл жегі" ауруынан зардап шегетін тұлғалар";

"1 типті қант диабеті" ауруынан зардап шегетін тұлғаларға";



Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 22.06.2023 № 22 /6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. Уәкілетті орган табыс есебінсіз көмек көрсетеді:

1) мерекелік күндерге біржолғы әлеуметтік көмек:

Халықаралық әйелдер күніне 7-тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген санат үшін уәкілетті органның тізімі негізінде;

Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне 7-тармақтың 5) тармақшасының, екінші, үшінші абзацтарында және 7) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

Отан қорғаушы күніне 7-тармақтың 2) тармақшасының жетінші, сегізінші абзацтарында және 6) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

Жеңіс күніне 7-тармақтың 1) тармақшасында, 2) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, тоғызыншы абзацтарында, 3), 4) тармақшаларында, 5) тармақшасының төртінші, бесінші абзацтарында және 6) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы абзацтарында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

Қазақстан Республикасының Конституция күніне 7-тармақтың 8) тармақшасының бесінші, алтыншы абзацтарында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті органның тізімі негізінде;

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне 7-тармақтың 7) тармақшасының бірінші, екінші абзацтарында, 8) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші абзацтарында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

Тәуелсіздік күніне 7-тармақтың 7) тармақшасының бірінші, екінші абзацтарында, 8) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші абзацтарында көрсетілген санаттар үшін уәкілетті ұйымның тізімі негізінде;

2) біржолғы әлеуметтік көмек:

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде тұрғын үйді жөндеуге нақты шығындар бойынша 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) 7-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін;

7-тармақтың 1), 2) тармақшаларында, 3) тармақшасының бесінші абзацында, 5) тармақшасының төртінші, бесінші абзацтарында, 6) тармақшасының бесінші, алтыншы абзацтарында көрсетілген санат үшін қатты отын сатып алуға (жылыту маусымында) 10 (он) АЕК мөлшерінде уәкілетті органның тізімі негізінде;

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде 7-тармақтың 2) тармақшасында, 3

) тармақшасының бесінші абзацында көрсетілген санаттар үшін санаторий-курорттық емделуге 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде санаторий-курорттық емделугезанды өкілдерінің еріп жүруіне 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 8) тармақшасының екінші абзацтарында көрсетілген санат үшін;

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде санаторий-курорттық емделугезанды өкілдерінің еріп жүруіне 50 (елу) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 8 ) тармақшасының үшінші абзацтарында көрсетілген санат үшін;

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде 100 (жүз) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 11) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген санат үшін;

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 11) тармақшасының төртінші абзацында көрсетілген санат үшін;

Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Шарбақты аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ұсынған тізімі негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 12) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген санат үшін;

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының "Павлодар облыстық ЖИТС-тың алдын алу және күресу жөніндегі орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ұсынған тізімі негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 12) тармақшасының үшінші абзацында көрсетілген санат үшін;

Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Шарбақты аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ұсынған тізімі негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 12) тармақшасының алтыншы абзацында көрсетілген санат үшін;

Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Шарбақты аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ұсынған тізімі негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 12) тармақшасының жетінші абзацында көрсетілген санат үшін;

3) тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

7-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санат үшін сауықтыруға 25 ( жиырма бес) АЕК мөлшерінде уәкілетті органның тізімі негізінде;

7-тармақтың 2) тармақшасында, 3) тармақшасының бесінші абзацында, 4) тармақшасының үшінші абзацында, 6) тармақшасының екінші, алтыншы абзацтарында көрсетілген санаттар үшін сауықтыруға 15 (он бес) АЕК мөлшерінде уәкілетті органның тізімі негізінде;

4) ай сайынғы әлеуметтік көмек:

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 3 (үш) АЕК мөлшерінде, үш, төрт абзацтарының 7-тармағы 8) тармақшасында (өзіне-өзі күтім көрсете алмайтын және денсаулығының жай-күйіне байланысты үнемі көмек көрсетуге мұқтаж, өздерінің ата-аналарын (жұбайын) асырап-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті еңбекке жарамды кәмелетке толған балалары (жұбайы) жоқ немесе объективті себептер бойынша оларды тұрақты көмекпен және күтіммен қамтамасыз ете алмайтын жақын туыстары бар мүгедектігі бар адамдарға (қарттық жасына, бірінші, екінші топтағы мүгедектігінің, онкологиялық, психикалық ауруларының болуы, бас бостандығынан айыру орындарында отыруына немесе елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуі немесе басқа елді мекенде тұруы) көрсетілген санат үшін;

7-тармақтың 8) тармақшасының екінші, үшінші абзацтарында көрсетілген санат үшін ауылдық жерлерде тұратын мүгедектігі бар адамдарға гемодиализ процедураларын алу үшін 10 (он) АЕК мөлшерінде уәкілетті ұйымның ұсынған тізімі негізінде;

7-тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген санат үшін оқу кезеңінде тұруға, тамақтануға және тұрғылықты жеріне жол жүруге 8 (сегіз) АЕК мөлшерінде;

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасы "Павлодар облыстық ЖИТС-тың алдын алу және күресу жөніндегі орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ұсынатын тізімі негізінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс екі еселенген мөлшерінде 7-тармақтың 12) тармақшасының төртінші абзацында көрсетілген санат үшін;

Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Павлодар облыстық фтизиопульмонология орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ұсынған тізімі негізінде 7-тармақтың 12) тармақшасының бесінші абзацында көрсетілген санат үшін 15 (он бес) АЕК мөлшерінде.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 22.06.2023 № 22/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

9. Уәкілетті орган ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын табысы бар адамдарға көмек көрсетеді:

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 7-тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген санат үшін төленеді;

1) біржолғы әлеуметтік көмек:

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде қатты отын сатып алуға (жылыту маусымында көрсетіледі) 7-тармақтың 11) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген санат үшін;

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде бір оқушыға "Мектепке жол" акциясы бойынша 20000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде 7-тармақтың 11) тармақшасының бесінші абзацында көрсетілген санат үшін;

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде жедел араласу дертінен кейін емделуге немесе оңалтуға арналған 15 (он бес) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 11) тармақшасының алтыншы абзацында көрсетілген санат үшін;

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 11) тармақшасының сегізінші абзацында көрсетілген санат үшін.

2) ай сайынғы әлеуметтік көмек:

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде бала тамағын сатып алуға 4 (төрт) АЕК мөлшерінде 7-тармақтың 11) тармақшасының сегізінші абзацында көрсетілген санат үшін.

10. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

Өмірлік қиын жағдай туындалған кезде әлеуметтік көмектің шекті мөлшері 100 (жүз) АЕК құрайды.

11. Алушылардың жекелеген санаттары үшін мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерін облыстық ЖАО келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

### **3-тарау. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

12. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі Үлгілік қағидаларының 12-25-тармақтарына сәйкес айқындалды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 22.06.2023 № 22/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

#### **4-тарау. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздер**

13. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Шарбақты ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

14. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен қайтаруға жатады.

#### **5-тарау. Қорытынды ереже**

15. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Шарбақты аудандық  
мәслихатының 2020 жылғы  
"29" қыркүйектегі  
№ 266/81 шешіміне  
қосымша

#### **Шарбақты аудандық мәслихатының кейбір күші жойылған шешімдерінің тізбесі**

1. Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қаңтардағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 106/37 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3696 болып тіркелген, 2014 жылғы 26 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірдегі "Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 106/37 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" № 127/43

шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3770 болып тіркелген, 2014 жылғы 06 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 14 шілдедегі "Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 106/37 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" № 134/46 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3892 болып тіркелген, 2014 жылғы 31 шілдеде аудандық "Трибуна" № 31, "Маралды" № 31 газеттерінде жарияланған).

4. Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі " Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 106/37 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерту енгізу туралы" № 142/48 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4035 болып тіркелген, 2014 жылғы 06 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

5. Шарбақты аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 маусымдағы " Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 106/37 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 217/61 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4570 болып тіркелген, 2015 жылғы 09 шілдеде аудандық "Трибуна" № 27, "Маралды" № 27 газеттерінде жарияланған).

6. Шарбақты аудандық мәслихатының 2016 жылғы 04 сәуірдегі "Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 106/37 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 6/2 шешімі ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5081 болып тіркелген, 2016 жылғы 25 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

7. Шарбақты аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 маусымдағы " Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қаңтардағы № 106/37 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін

айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 18/6 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5167 болып тіркелген, 2016 жылғы 21 шілдеде аудандық "Трибуна" № 30, "Маралды" № 30 газеттерінде жарияланған).

8. Шарбақты аудандық мәслихатының 2017 жылғы 11 қыркүйектегі " Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қаңтардағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 106/37 шешіміне толықтыру енгізу туралы" № 87 /25 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5627 болып тіркелген, 2017 жылғы 28 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған).

9. Шарбақты аудандық мәслихатының 2019 жылғы 17 мамырдағы "Шарбақты аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қаңтардағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 106/37 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 191/56 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6379 болып тіркелген, 2019 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған).